

Ерекше көрме

Халықаралық құстар күніне орай Павлодардағы География үйі мен С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың ұйытқы болуымен өзгеше көрме ұйымдастырылды. Бұл жолы павлодарлық талантты фотограф Кәрімжан Жәкеновтің сирек кездесетін құстардан жасаған фото көрмесі көпшілік назарына ұсынылды.



Алпысбай ХОНЖ

К.Жәкенов көптен бері аймағымыздың әр өңірінде мекендейтін құстарды суретке түсірумен айналысады. Әрбір демалыс - ол үшін жұмыс күні.

- Табиғаттың тылсымына бойлаған

сайын тіршілік әлемі өте қызықты. Құстарды суретке түсіру үшін уақыт талғамаймын. Кейбір қанаттыларды күндіз көре алмайсыз. Мұндайда түнгі уақытта «жорыққа» шығуға тура келеді. Кей құстарды күні бойы аңдып, дегеніңізге жете алмайтын кездер де болады. Мұндайда табандылық керек. Өкініштісі, мен ертеректе суретке түсірген құстардың кейбірі бүгінде біздің өңірде жоқ, - дейді өнер иесі.

Кәрімжан Жәкенов - Торғай өңірінің тумасы. Көпбалалы отбасынан шыққан азамат жастайынан табиғаттың құпияларын ашуға, құстың тілін түсінуге әуес болған. Табиғатқа деген әуестігі оның қолына 2012 жылы фотоаппарат алғызды. Содан бергі уақытта ол құстармен бірге.

Көрмеге қойылған фотосуреттер жиналған қауымның ерекше қызығушылығын оятты. Үлкен мықи, ителгі, бақалтақ қыран, дала қыраны, аққұйрықты субүркіт, қылан қарабас шағала, реликті шағала, тарғақ, ақбас тырна, кіші аққу, ақбас үйрек, безгелдек, сұңқылдақ аққу, бұйра бірқазан секілді құстардың бейнелерін көргенде табиғи жаратылысқа еріксіз таңдай қағасыз.